

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

2022ж. .01 № _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының депутаттары
А.О. Қоңыровка,
Ж.Ә. Ахметбековке,
Ф.Қ. Қаменовке,
Ғ.Ғ. Құлахметовке,
А.А. Милютинге, А.М. Паяевқа,
С.Н. Решетниковке,
А.А. Сқақоваға,
Е.В. Смайловқа, И.В. Смирноваға**

22.12.2021ж. ДЗ-344 депутаттық сауалына

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) 2021 жылғы 22 желтоқсандағы ДЗ-344 депутаттық сауалын қарап, келесі ақпаратты жібереді.

1. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты ұзақ мерзімді перспективада салымшылар үшін сақталуын қамтамасыз ету және нақты кірістілік алу болып табылады.

Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттары олардың мақсаттарына тікелей байланысты және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) айқындайды.

Кеңестің ұсынымдарына сәйкес БЖЗҚ портфелін әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 2016 жылдан бастап 17%-дан 33%-ға дейін кезең-кезеңімен ұлғайтылды. Зейнетақы активтерінің валюталық бөлігін тиімді инвестициялау үшін тәуекел мен кірістіліктің оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ететін жаңа стратегиялық бөлу әзірленді. Бұл ретте Ұлттық Банк шетелдік эмитенттердің нақты жобаларын

қаржыландырмайды, керісінше халықаралық практикада кеңінен қолданылатын индекстік негізде валюталық активтерді басқаруды жүзеге асырады және жаһандық акциялар, дамыған және дамушы елдердің облигациялары, инвестициялық деңгейдегі эмитенттердің корпоративтік облигациялары сияқты активтердің негізгі шетелдік сыныптарына инвестициялауды көздейді.

2. Зейнетақы активтерін дамушы елдердің облигацияларына инвестициялау «ВВ» ең төменгі кредиттік рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарынан тұратын индекс шеңберінде жүзеге асырылады. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұл индекске 27 ел кіреді. Тиісінше, жеке елге инвестициялар аз. Мексиканың мемлекеттік бағалы қағаздарына салынған инвестициялардың үлесі БЖЗҚ зейнетақы активтерінің 1,09%-ын, Катар – 0,52%-ын, Колумбия – 0,73%-ын, Кувейт – 0,18%-ын, Сауд Арабиясы – 0,58%-ын және Марокко – 0,11%-ын құрайды.

Зейнетақы активтерін дамыған елдердің облигацияларына инвестициялау «АА-» ең төменгі кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздарға жүзеге асырылады. Активтердің осы сыныбы шеңберінде зейнетақы қаражаты негізінен АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестицияланады, өйткені Еуроаймақ елдері мен Жапонияның мемлекеттік бағалы қағаздарының көпшілігі теріс кірістілікке ие. Стратегиялық бөлуде дамыған елдер облигацияларының болуы инвестициялардың теңгерімділігін қамтамасыз етеді және әлемдік қаржы нарықтарындағы жоғары құбылмалылық кезеңдерінде активтердің басқа сыныптары бойынша төмендеу тәуекелінің әсерін шектейді.

Осылайша, зейнетақы активтерінің бір бөлігін сыртқы нарықтарға инвестициялау белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті шарт болып табылады, өйткені ол активтерді әртараптандыруға және ұзақ мерзімді перспективада кірістілікті арттыруға, сондай-ақ елдер мен эмитенттер бойынша инвестициялар географиясын кеңейту есебінен инвестициялық тәуекелдердің жалпы деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

3. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің 67% мөлшеріндегі негізгі бөлігі Қазақстанның жергілікті нарығына инвестицияланғанын және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысатынын атап өту қажет. БЖЗҚ зейнетақы активтері республикалық бюджетті қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестицияланады, сондай-ақ негізгі мақсаты импортты алмастыратын өнім өндірісін кеңейту болып табылатын «Қарапайым заттар экономикасы» және негізгі мақсаты әлеуметтік, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін елді мекендерді абаттандыру болып табылатын «Жұмыспен қамтудың жол картасы» сияқты мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға нарықтық жағдайларда қатысады.

4. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының бастамасы бойынша халықты қолдау мақсатында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына салымшылардың жеткіліктілік шегінен артық өзінің зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алуға, емделуге және басқарушы компанияларға беруге мерзімінен бұрын пайдалану

мүмкіндігін көздейтін түзетулер енгізілді. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы құқықты 2,6 трлн теңге сомаға 879,1 мың салымшы пайдаланды.

5. БЖЗҚ зейнетақы активтерін Әзірбайжан халықаралық банкінің (бұдан әрі – ӘХБ) облигацияларына инвестициялауға байланысты мәселе 2019 жылғы сәуірде, МБА облигацияларына айырбастауға алынған Әзірбайжанның мемлекеттік бағалы қағаздарының қалған барлық көлемін сату жүзеге асырылған кезде толығымен шешілді.

6. Жалпы алғанда, Ұлттық Банктің басқаруындағы азаматтардың зейнетақы жинақтары бойынша кірістілік инфляция деңгейінен асып түседі, бұл салымшылар жинақтарының сатып алу қабілетінің сақталуын ғана емес, олардың нақты мәндегі өсімін де қамтамасыз етеді. Мәселен, коронавирус пандемиясы аясында қаржы нарықтарында туындаған жоғары құбылмалылыққа қарамастан, салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуын ескергендегі 2021 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 8,4% мөлшеріндегі инфляция кезінде 11,1%-ды құрады.

Төраға

Е. Досаев

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

.01.2022г. № _____

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
фракции «Народная партия
Казахстана»,
Конурову А.О., Ахметбекову Ж.А.,
Каменову Ф.К., Кулахметову Г.Г.,
Милютину А.А., Паяеву А.М.,
Решетникову С.Н., Скаковой А.А.,
Смайлову Е.В., Смирновой И.В.**

На ДЗ-344 от 22.12.2021г.

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев депутатский запрос ДЗ-344 от 22 декабря 2021 года, направляет следующую информацию.

1. Основными целями инвестирования пенсионных активов ЕНПФ являются обеспечение сохранности и получение реальной доходности для вкладчиков в долгосрочной перспективе.

Направления инвестирования пенсионных активов ЕНПФ, находящихся в доверительном управлении Национального Банка, напрямую зависят от их целей и определяются Советом по управлению Национальным фондом Республики Казахстан (далее – Совет).

В соответствии с рекомендациями Совета в целях диверсификации портфеля ЕНПФ валютная доля пенсионных активов, начиная с 2016 года, была поэтапно увеличена – с 17% до 33%. Для эффективного инвестирования валютной части пенсионных активов было разработано новое стратегическое распределение, обеспечивающее оптимальное соотношение риска и доходности. При этом Национальный Банк не финансирует конкретные проекты зарубежных эмитентов, а осуществляет управление валютными активами на индексной основе, которое широко применяется в международной практике и предусматривает инвестирование в такие основные зарубежные

классы активов, как глобальные акции, облигации развитых и развивающихся стран, корпоративные облигации эмитентов инвестиционного уровня.

2. Инвестирование пенсионных активов в облигации развивающихся стран осуществляется в рамках индекса, состоящего из государственных ценных бумаг стран с минимальным кредитным рейтингом «ВВ». По состоянию на 01 января 2022 года данный индекс включает 27 стран. Соответственно, инвестиции в отдельную страну являются незначительными. Доля инвестиций в государственные ценные бумаги Мексики составляет 1,09% от пенсионных активов ЕНПФ, Катара – 0,52%, Колумбии – 0,73%, Кувейта – 0,18%, Саудовской Аравии – 0,58% и Марокко – 0,11%.

Инвестирование пенсионных активов в облигации развитых стран осуществляется в ценные бумаги с минимальным кредитным рейтингом «АА-». В рамках данного класса активов пенсионные средства инвестируются преимущественно в государственные ценные бумаги США, поскольку большинство государственных ценных бумаг стран Еврозоны и Японии имеют отрицательную доходность. Наличие облигаций развитых стран в стратегическом распределении обеспечивает сбалансированность инвестиций и ограничивает в периоды высокой волатильности на мировых финансовых рынках влияние риска снижения по другим классам активов.

Таким образом, инвестирование части пенсионных активов на внешних рынках является необходимым условием для достижения установленных целей, поскольку способствует диверсификации активов и повышению доходности в долгосрочной перспективе, а также снижению общего уровня инвестиционных рисков за счет расширения географии инвестиций по странам и эмитентам.

3. Необходимо отметить, что основная часть пенсионных активов ЕНПФ в размере 67% инвестирована на локальном рынке Казахстана и участвует в социально-экономическом развитии страны. Пенсионные активы ЕНПФ инвестируются в государственные ценные бумаги Республики Казахстан для финансирования республиканского бюджета, а также участвуют на рыночных условиях в финансировании таких государственных программ, как «Экономика простых вещей», основной целью которой является расширение производства импортозамещающей продукции, и «Дорожная карта занятости», основными целями которой являются развитие социальной, инженерно-транспортной инфраструктуры и жилищно-коммунального хозяйства, благоустройства населенных пунктов, обеспечивающих занятость населения.

4. Кроме того, по инициативе Главы государства в целях поддержки населения в Закон Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» внесены поправки, предусматривающие возможность досрочного использования вкладчиками своих пенсионных накоплений свыше порога достаточности на приобретение жилья, лечение и передачу управляющим компаниям. По состоянию на 01 января 2022 года данным правом воспользовались 879,1 тысяч вкладчиков на сумму 2,6 трлн. тенге.

5. Вопрос, связанный с инвестированием пенсионных активов ЕНПФ в облигации Международного Банка Азербайджана (далее – МБА), полностью решен еще в апреле 2019 года, когда была осуществлена продажа всего

оставшегося объема государственных ценных бумаг Азербайджана, полученных в обмен на облигации МБА.

6. В целом, под управлением Национального Банка доходность по пенсионным накоплениям граждан превышает уровень инфляции, что обеспечивает не только сохранение покупательской способности сбережений вкладчиков, но и их прирост в реальном выражении. Так, несмотря на высокую волатильность, возникшую на финансовых рынках на фоне пандемии коронавируса, доходность пенсионных активов ЕНПФ по итогам 2021 года с учетом досрочных изъятий вкладчиками своих пенсионных накоплений составила 11,1% при инфляции в размере 8,4%.

Председатель

Е. Досаев